

"Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 161 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 19 қыркүйекте № 33430 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) осы бұйрыққа 3-17-қосымшаға сәйкес көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдары қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нысаны;"

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 3-17-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тізбесінде:

12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

			Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама	
			К ө л і к құралдарының жүргізушілерін	

12	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдары	даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктер қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама	
			К ө л і к құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдары қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама	

"

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

А. Куантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 161 бұйрығымен
бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 6 қаңтардағы
№ 4 бұйрығына
3-17-қосымша
Нысан

Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдары қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама

1. _____

(мемлекеттік органның толық атауы)

2. Осымен _____

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес экономикалық қызмет түрінің коды)

мыналар:

көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдары қызметінің басталғаны _____

көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдары қызметінің тоқтатылғаны _____

мыналардың:

заңды тұлғаның орналасқан орнының _____

жеке тұлғаның заңды мекенжайының _____

(тиісті жолда X белгісі қойылады)

хабарламада көрсетілген деректердің* _____

өзгергені туралы хабарлайды

3. Заңды тұлғаның орналасқан орнының мекенжайы _____

(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

4. Интернет-ресурс мекенжайы (болған жағдайда) _____

Ескертпе:

Хабарламада көрсетілген тіркеу деректері өзгерген кезде толтырылады. Осы жолда заңды тұлғаның бұрынғы толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі, салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда), экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес экономикалық қызмет түрінің коды көрсетіледі.

5. Электрондық пошта _____

6. Телефондар _____

7. Факс _____

8. Қызметті жүзеге асыру мекенжайы (лары) _____

(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

9. Қызметті немесе белгілі бір іс-қимылдарды жүзеге асыру _____

(уақыты және күні) басталады

10. Қызметті немесе белгілі бір іс-қимылды жүзеге асыру _____

(уақыты және күні) тоқтатылады

Осы хабарламаны бере отырып, өтінім беруші төмендегілерді қамтамасыз етеді:
көрсетілген барлық деректер ресми болып табылады және оларға қызметті немесе іс-қимылды жүзеге асыру мәселелері бойынша кез келген ақпарат бағытталуы мүмкін;
өтінім берушіге мәлімделген қызмет түрімен немесе жекелеген іс-қимылдармен айналысуға сот тыйым салмаған;

барлық қоса берілген құжаттар түпнұсқаларға сәйкес келеді және жарамды болып табылады;

өтініш беруші Қазақстан Республикасында жол қозғалысының жұмыс істеуіне және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

Ескертпе:

бұл жол егер Қазақстан Республикасының заңдарында хабарлама беру кезінде қызметті немесе іс-қимылдарды жүзеге асыруды тоқтату уақыты және күні туралы ақпарат ұсыну белгіленген жағдайда ғана толтырылады.

11. Өтінім беруші _____

(қолы) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

Беру күні және уақыты: 20__ жылғы " __ " _____ " __ " сағат " __ " минут.

12. Тұлға хабарламаны сенiмхат бойынша берген жағдайда:

Сенiм бiлдiрiлген тұлға _____

(аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Сенiмхаттың нөмірі және күні

Берілген күні және уақыты: 20__ жылғы " __ " _____ " __ " сағат " __ " минут.